

2021- 2022 оқу жылында Т.Тоғысбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде тәрбие саласы бойынша атқарылған жұмыстардың есебі

Қыркүйек. Қазан

2021-2022 жаңа оқу жылымыз мектеп тәрбие саласы жоспарыны, жаңа оқу жылына арналған тәрбие іс – шараларын 472-бұйрық негізінде дәстүрлі форматқа сәйкестендіріп жасаудан басталды.

Мектеп «Бес терек Тәрбие Одағы»-ның, Мектеп Қамқоршылық Кеңесінің арнайы жиналыстарын өткіздік. Сынып жетекшілер, Тәрбие Одағы, Ата – аналар WhatsApp желісі топтарында арнайы хабарламалар, жаңалықтарды жариялап, жиналыстар өткізіп тұрамыз.ҚР халқы тілдері мерекесі, Қарттар күні және Мұғалімдер күні мерекелеріне орай,Отбасы апталықтары,Бала құқығы-адам құқығы апталықтарына орай сыныптарда практикалық тәрбие іс-шаралары ұйымдастырылып,арнайы тәрбие сағаттары өткізілді.

1 – қыркүйек Бірінші сабақ пен Білім күнін атап өту іс – шарасын ҚР БЖҒМ, Облыстық адами әлеуетті дамыту басқармасы және Төлеби аудандық білім бөлімінің нұсқау хаттары негізінде өткізілді.

5- қыркүйек Қазақстан халықтары тілдері күні мерекесі болса, кейбір жауапты тұлғалардың немқұрайлық танытуы нәтижесінде айтылған дәрежеде өтпеді. Отбасы апталығы өткізілді.

Қыркүйек айыдан бастап «Бес терек Тәрбие Одағы» мүшелері бір неше топқа бөлініп тәрбие сағаттары мен практикалық іс-шараларға енуде .

17.09 күні Жалпы Республикалық ата – аналар жиналысы аясында мектебіміз ата – аналары мен ZOOM платформасы арқылы жиналыс – семинар өткіздік.

Тоқсан сайын атқарылған тәрбие жұмыстарына мониторинг жүргізіп, WhatsApp желісінде сынып жетекшілері мен,ата-аналармен жиналыстар өткізіп тұрмыз. Кемшіліктерді айтып, ұсыныстар береміз.

1-қазан «Қарттар күні» мен қазанның 1 жексенбісі «Мұғалімдер күні» мерекелеріне арналған жоспарлар құрылып іс - -шаралар ұйымдастырылды.

Қазан айында АББ тарапынан жіберілген «Бала құқығы – адам құқығы», Президентіміз Қ.Ж.Тоқаевтың экология бойынша берген арнайы тапсырмасы негізіндегі бағдарлама, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының бағыттары бойынша келген нұсқаулық хаттар, бұйрықтар негізінде мектепшілік жоспарлар құрылып тәрбие іс – шаралары жүзеге асырылды. «Сыбайлас жемқорлық» бағыты мен «Алтын күз – 2021» мерекесі сыныптарда атап өтілді.



Қараша. Желтоқсан

Төлеби аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің хаты негізінде ҰП тарапынан «Қазақстан балалары – күзгі интерактив» Республикалық каникул іс – шаралары негізінде жоспар бойынша іс – шаралар өткізілуі керек.

АББ келген «Бала құқығы – адам құқығы», «Зорлық зомбылықсыз мектеп», «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бағыттары бойынша арнайы іс-шаралар өткізу туралы нұсқау хаттар бойынша жауапты тұлғалар, пән мұғалімдері мен сынып жетекшілеріне бір неше рет әдістемелік жиналыстар өткізіліп, хабарламалар беріліп бір шама жұмыстар атқарылды.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған тәрбие апталығы, ашық тәрбие сағаттары, сыныптан тыс патриоттық іс-шаралар, сынып сағаттары мен мерекелік іс-шараны тәрбие одағы мен сынып жетекшілері бірлесе жоғары деңгейде ұйымдастырып өткізді.

Жаңа жыл мерекесі бастауыш сыныптар арасында, ортаңғы буындар арасында және жоғарғы буындар арасында сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен сыныптарда өткізілді.



Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының 30.12.2021 жылғы 06/5515 санды хаты негізіндегі Төлеби аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің 2022 жылдың қаңтар айы ішінде аралас, көпэтносты оқушылар және олардың ата - аналарының қатысуымен өткізілетін мәдени - бұқаралық және спорттық іс-шаралар кестесіне сәйкес Т.Тоғысбаев атындағы ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБінде төмендегі іс - шаралар жүзеге асырылды :

5-9 сыныптарда мини футболдан отбасылық спорт сайысы өткізілді.

10 - 11 сынып оқушылары және олардың ата-аналары мен мектеп кітапханасында " **БІРЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ - ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰСТАНЫМЫ** " тақырыбында шығармашылық кеш ұйымдастырылып өткізілді.

Мектептің әлеуметтік жұмыстар комиссиясы жиналыстары өткізіліп аудандан АСП тізімінде тұратын отбасылар балаларына берілетін көмектер нақтыланып тұрылды.

Ата-аналар WhatsApp желісі топтарында оқушылардың құқықбұзушылықтарын алдын алу, жіберіліп отырған түрлі байқауларға қатыстыру, сабақ қалдырмау, және т.б. бағыттарда бір неше рет үнемі хабарламалар беріп, жиналыстар өткізілді.

ҚР халқы тілдері мерекесі, Қарттар күні және Мұғалімдер күні мерекелеріне орай,Отбасы апталықтары,Бала құқығы-адам құқығы апталықтарына орай сыныптарда практикалық тәрбие іс-шаралары ұйымдастырылып,арнайы тәрбие сағаттары өтілді.



1 – желтоқсан «Тұңғыш Президент күні» және 16-желтоқсан «ҚР Тәуелсіздік күні» мерекелеріне арнап мектепте апталық, декада өткізіліп, оларға барлық пән мұғалімдері, сынып жетекшілер, штаттағы педагогтар жұмылдырылып алуан түрлі іс- шаралар жоспарланды.

Оқушыларды Республикалық «Жас Ұлан» ұйымы қатарына салтанатты түрде қабылданды.

Көпмәдениетті көркем-эстетикалық тәрбие айлығы жарияланып, аталмыш бағытта бірталай іс-шаралар өтті.

Мектебіміз аймақтық көркемөнерпаздар Өнер фестиваліне қатысып, жоғарғы деңгейде көрсетілген өнерлер мен қолөнер бұйымдары байқауынан аудандық көрмеге жолдама алды. Сонымен қатар Төлеби аудандық байқаудан өткен қолөнер бұйымдары жоғары бағаланып, Түркістан облысындағы қолөнер байқауына жолдама алып, қатысып, көрме қойып қайтты.



Мамыр, маусым айлары

Мамыр айы іс-шаралары «1 мамыр Қазақстан Халықтар бірлігі күні» мерекесі мен басталып, ҚР Қарулы күштері, «9 мамыр Жеңіс күні» мерекелері мен жалғасып, соңғы қоңырау мерекесімен аяқталды. Аталмыш мерекелер қарсаңында апталықтар ұйымдастырылып, арнайы сынып сағаттары өтілді, сайыс, байқау, флешмоб, кездесулер өткізілді.



2022 жыл қаңтар – ақпан айлары

Қаңтар, ақпан айларында отбасылық тәрбиеге байланысты іс-шаралар өтіліп, әдептілік, экологиялық мәдениетке баулу, өнер мен құқыққа байланысты іс-шараларды сынып жетекшілері мен Тәрбие одағы мүшелері бірлесіп өткізілді.



Наурыз – сәуір айлары

Алғыс айту күні мерекесі мен басталған наурыз айы Аналар мерекесі мен жалғасын тауып Наурыз мерекелері мен жалғасты. Арнайы тәрбие сағаттары өтіліп, сайыстар, мерекелік байқаулар өтті.

Сәуірде Ғарышкерлер күніне арналған іс-шаралардан бастап, салт-дәстүрлер, әскери-патриоттық және халықтар достығына арналған тәрбие сағаттары, сайыстар, дебат, викторина, ойындар мен жалғасын тапты.

Маусымдағы іс-шараларымыз жазғы лагерь демалушы-тәрбиеленушілері және олардың тәрбиешілері мен жалғасын тапты.....





Қорытынды: 2021 жылдағы тәрбие саласында әр бір атқарылған жұмыс, оларда белсенділік танытқан оқушылар мен сынып жетекшілеріміз жұмысы үнемі АББ, Облыстық адами әлеуетті дамыту басқармасы парақшалары, FACEBOOK және БАҚ беттерінде жарияланып тұрды.

Әр аптаның сенбі күні мектепте «Тәрбие жұмыстарын жүзеге асыру күні» деп белгіленіп, тәрбие сағаттар мен практикалық іс – шараларға еніп талдау жасалды.

Апта сайын, ай сайын «Бес терек Тәрбие Одағы» мен «КоллЦент» жиналыстары өткізіліп тұрды.

Әр айда белгілі тәрбие бағыты айлығы деп жарияланып, жарияланған бағытқа басымдық беріліп алуан түрлі іс-шаралар өткізіліп барады.

Есепті дайындаған –мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары: Касимов А ,Керимбаев К.